

ШАМШЫРАҚТАЙ ЖОЛ КӨРСЕТКЕН

4-БЕТ | АБАЙ – 180



ҚАЗАҚҚА САНТЕХНИК ЖАТ ПА?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



СӘКЕННІҢ СӘНІ МЕН ӘНІ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

№92
(4836)
Бейсенбі
7 тамыз
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



АБАЙ МҰРАСЫ – АДАМЗАТ ҚАЗЫНАСЫ

Астанада күн сайын Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған рухани-танымдық іс-шаралар өтіп жатыр. Ұлттың ұлы ақыны, кемел ойшылының заңғар мұрасын ұлықтауға мектеп оқушыларынан бастап зейнеткерлерге дейін үлес қосуда.



Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, Қазақстан халқының саны 20387811 адамға жеткен. Бір ай ішінде халық саны 17,1 мыңнан астам адамға артқан.

Халық саны ең көп өңірлер: Алматы қаласы – 2319893 адам; Түркістан облысы – 2150228 адам; Алматы облысы – 1578089 адам; Астана қаласы – 1576337 адам. Халқы миллионнан асатын өңірлер: Шымкент – 1277743 адам; Жамбыл облысы – 1220041 адам; Қарағанды облысы – 1132697 адам. Халық ең аз қоныстанған өңірлер: Ұлытау облысы – 220266 адам; Солтүстік Қазақстан облысы – 518049 адам; Абай облысы – 599449 адам.



Елордада әскери қызметшілер арасында қазақ күресінен алғашқы әлем чемпионаты өтеді. Спорт шарасы Кеңес Одағының Батыры, қазақтың қаһарман қызы Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына орай ұйымдастырылып отыр.

Балуандар 16 салмақ дәрежесінде жүлделерді сарапқа салады. Чемпионат 14-15 тамыз күндері Астанадағы Qazaqstan жеңіл атлетика кешенінде өтеді.

САЯБАҚ ПЕН КІТАПХАНА САЛЫНАДЫ

Бас қалада Абу-Даби Плаза кешені аумағынан бастап Ботаникалық баққа дейін жететін желілік саябақ салынып жатыр. Сонымен қатар Президент кітапханасын салуға жер бөлінді.

Астана қаласы әкімдігінің хабарлауынша, 2024 жылғы 9 ақпанда келісілген эскиздік жоба бар. Аталған жобаға сәйкес, желілік саябақ Абу-Даби Плаза кешені мен Ботаникалық бақ арасын жалғайды. Жоба қаланың Бас жоспарына сәйкес келеді және өзара байланысқан, экологиялық тұрғыдан да қалалық құрылымды қалыптастыруға бағытталған. Желілік саябақтың негізгі бөлігін абаттандыру 2026 жылы аяқталады деп күтіліп отыр. Сонымен қатар Алматы – Түркістан – Керей мен Жәнібек хандар және Ақмешіт көшелері қиылысындағы саябақ аумағының бір бөлігінде Президент кітапханасын салу жоспарланып отыр.


ТЕГІН ЖАТТЫҒУЛАР

Елорда тұрғындары мен қонақтары үшін 6 тамыз-5 қазан аралығында қаланың әртүрлі ауданында таза ауада скандинавиялық жүріске арналған тегін жаттығулар ұйымдастырылмақ.

Оған кез келген адам жасына немесе дайындық деңгейіне қарамастан қатыса алады. Жаттығулар апта сайын сәрсенбі, жұма және жексенбі күндері сағат 19:00-ден 20:00-ге дейін өтеді. Өтетін орындар: Сарыарқа ауданы – «Йога» саябағы, Ә.Мәмбетов көшесі, 1 (жиналу орны: Бейбітшілік және Бұқарбай батыр көшелерінің қиылысы). Есіл ауданы – «Жетісу» саябағы (жиналу орны: Шарын шатқалы маңында). Нұра ауданы – Орталық қалалық саябақ (жиналу орны: шаңғы-роллер жолы). Алматы ауданы – «Жеруйық» саябағы (Б.Момышұлы даңғылы жағынан кіреберіс); Триатлон саябағы (жиналу орны: көпір жағындағы полиция пункті). Сарайшық ауданы – Президент саябағы (жиналу орны: А.Байтұрсынұлы көшесі, 1Б).



№92 (4836) 07/08/2025 Бейсенбі



ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ЫҚПАЛДАСТЫҚ АЙМАҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстанның Аваза қаласында өткен Орталық Азия мемлекеттері басшыларының бейресми кездесуіне қатысты. Содан кейін Қазақстан Президенті Теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған Біріккен Ұлттар Ұйымының үшінші конференциясында сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ең әуелі конференцияны шақыру бастамасын көтергені үшін Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовке ризашылығын білдірді. Сондай-ақ теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдердің проблемаларын шешуге және мүмкіндіктерін пайдалануға бейіл танытқаны үшін БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришке алғыс айтты.

– 20 жылдан астам уақыт бұрын Қазақстан Теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған БҰҰ-ның алғашқы конференциясын өткізіп, жетекші рөл атқарды. Яғни еліміз бұл үздіксіз үдеріске бастапқы жылдардан бері қатысып келеді. Осы тарихи оқиға барысында Алматы іс-қимыл бағдарламасы қабылданды. Бұл құжат теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдер тобының мәселелерін жаһандық дамудың күн тәртібіне тұңғыш рет шығарды. Біз алдымызда тұрған міндеттерді одан әрі ілгерілету мақсатында Авазада бас қосып отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, осы топ құрамындағы 32 дамушы елде жарты миллиардтан астам адам тұрады. Олардың көпшілігі қаржыландыруға және технологияға қол жеткізуде, сондай-ақ жаһандық нарыққа жол табуда кездесетін кедергілермен бетпе-бет келеді.

– Аймақтағы шектеулі байланыс – теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдердің басты проблемасы. Бұл транзит және сауда шығыны, сондай-ақ геосаяси факторларға осалдық секілді біршама экономикалық қиындық тудырады. Аталған кедергілер азаматтардың әлауқатына әсер етіп, бәсекеге қабілеттілікті төмендетеді. Түрлі қақтығыстар, экономикалық санкциялар, жеткізу тізбегінің бұзылуы және жаһанда сенімсіздіктің белең алуы жағдайды одан әрі ушықтыра түседі. Дегенмен Қазақстан теңізге шығар жолы жоқ дамушы мемлекеттерді жаһандық мәселелердің шешімін табуға атсалысатын тең құқылы әрі перспективті серіктес ретінде қарау керек деп санайды. Мұндай елдердің үні анық естілуге тиіс, ал біздің өзара ынтымақтастығымыз терең, ұжымдық ұмтылысымыз батыл болуы қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Аваза іс-қимыл бағдарламасын тұрақты, инклюзивті және орнықты келешекке жеткізер жол картасы ретінде толық қолдайтынын мәлімдеді.

– Бұл маңызды бастама транзиттік елдердің, халықаралық даму ұйымдары мен қаржы институттарының саяси қолдауына ие болуға тиіс. Көлік, энергетика және цифрлы инфрақұрылым сияқты басты секторларға инвестицияны ынталандыруға арналған жаңа қаржы тетіктері керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев климаттың өзгеруін тағы бір түйткіл ретінде атады.

– Теңізге шығар жолы жоқ көптеген дамушы ел су тапшылығы, мұздықтардың еруі, шөлейттену секілді экстремалды табиғи құбылыстарға душар болып отыр. Бұл проблемаларды шешу үшін өңір елдерінің ортақ күш-жігері мен белсенді халықаралық қолдау қажет. Дегенмен, менің ойымша, климаттың өзгеруіне қарсы күрес шаралары теңгерімді әрі инклюзивті сипатын сақтап, елдердің даму жолындағы сұраныстарына сай болуға тиіс. Климаттық өзгерістермен күреске жұмылу мақсатында Сіздерді келесі жылы сәуір айында Біріккен Ұлттар Ұйымымен бірге Астанада ұйымдастырылатын Өңірлік экологиялық саммитке шақырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстанның серіктестермен бірге аймақтағы өзара байланысты нығайту, цифрлық трансформацияны ілгерілету және ұзақ мерзімді әрі орнықты өсімге ықпал етуді көздейтін елеулі шаралар қабылдап жатқанын жеткізді.

– Біз Орта дәліз және «Солтүстік – Оңтүстік» бағдары бойындағы көлік жолдары мен транзит инфрақұрылымын дамытуға баса мән береміз. Түпкі мақсатымыз – темір жолдың, автокөлік жолдарының, сондай-ақ авиация мен логистика орталықтарының біртұтас желісін құру. Бұл Қазақстанның Еуразиялық транзит хабы ретіндегі позициясын нығайтады. Қазіргі кезде Азия мен Еуропа арасындағы құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 85 пайызға жуығы еліміз арқылы өтеді. Біз сондай-ақ цифрландыруға инвестиция құйып жатырмыз. Астана қаласында Alem.AI жасанды интеллект орталығы құрылды. Жуырда суперкомпьютер іске қосылды. Ғылыми ынтымақтастыққа әрдайым ашықпыз. Серіктестерімізді қатарымызға қосылуға шақырамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы өңірлік күн тәртібі жөнінде пікір білдіріп, елдердің мүмкіндігі географиямен шектелмейтінін Орталық Азия тәжірибесі көрсетіп отырғанын айтты.

– Қазір теңізге шығар жолымыз болмағанымен, келешекте амалын табамыз. Яғни құрлық арқылы байланыс орнатудың маңызы арта түседі. Біздің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы орнықты. Саяси ерік-жігер, стратегиялық инвестиция мен халықаралық серіктестік болса, теңізге шығатын жолдың жоқтығы кедергі емес, керісінше, өсімге ынталандырады. Орталық Азия өзара тиімді ықпалдастық қанат жайған аймаққа айналғанына куә болып отырмыз. Өңірдің сауда, инвестиция, көлік, байланыс және ресурстарды орнықты басқару салаларында даму әлеуеті жоғары. Екі күн бұрын Қазақстан мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасында Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын құру туралы келісімге қол қойылды. Оның штаб-пәтері Алматыда орналасқан. Бұл тұтас аймақ үшін маңызды жетістік әрі Аваза бағдарламасының игі мақсаттарына толық сай келеді. Қазақстанның осы бастамасын қолдағаны үшін БҰҰ Бас хатшысына және Орталық Азиядағы серіктестерімізге тағы да ризашылығымды білдіремін, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, Қазақстанның теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдер тобының мақсаттары мен қағидаттарына бейіл екенін растады.

– Теңіз қатынасы жоқ дамушы елдердің жаһандық күн тәртібінен тыс қалмауын халықаралық серіктестікті нығайту арқылы ғана қамтамасыз ете аламыз, – деді Мемлекет басшысы.

ЕМДЕУ САПАСЫН ЖАҚСАРТУДЫ ТАПСЫРДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында ана мен бала өлімін азайту жөніндегі шаралар қаралды. Онда Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова баяндама жасады, ЮНИСЕФ балалар қоры денсаулық сақтау және тамақтану жөніндегі бағдарламаларының басшысы Бауыржан Жүсіпов сөз сөйледі.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, 2025 жылдың 6 айында ана өлімі 10%-ға, нәрестеөлімінің деңгейі 26,3%-ға төмендеген. Ақмарал Әлназарова қабылданып жатқан шаралар қатарында акушерлік және педиатрия бойынша стандарттар мен клиникалық хаттамаларды өзектендіру, педиатриялық бейіндер бойынша, босану мен акушерлік операцияларға тарифтерді ұлғайту, емдеудің инновациялық әдістерін енгізу және тағы басқа да шаралар бар екенін баяндады.

Премьер-министр Президент қойған міндеттерді ескере отырып, атқарылып жатқан жұмыстың маңызын атап өтті.

«Мемлекет басшысы ана мен бала өлімі деңгейін төмендетуді денсаулық сақтау жүйесін дамытудың маңызды басымдығы ретінде айқындап берді. Бұл өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты мен еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіне әсер етеді. Жалпы алғанда, қабылданған шаралар ана мен бала өлімі деңгейін төмендетуге мүмкіндік берді. Әрине, бұл – медицина қызметкерлері еңбегінің нәтижесі» деді Олжас Бектенов.

Қауіпсіз босану жағдайларын жақсарту, оның ішінде перинаталдық орталықтарды заманауи жабдықтармен жабдықтау бойынша тұрақты жұмыстың маңызы аталды.

«Біз дамыған елдердің көрсеткіштеріне жақындау үшін босану кезіндегі күрделі және қауіпті жағдайлардың алдын алу бойынша жұмысты күшейтуіміз қажет. Денсаулық сақтау жүйесін дұрыс ұйымдастырған жағдайда, көздеген мақсатқа қол жеткізуге болады. Соңғы жылдары ана мен бала өлімін 6 еседен астам төмендете алдық. Мемлекет басшысы заманауи перинаталдық орталықтардың құрылысын жалғастыруды тапсырды. Осы жылдың 1 қарашасына дейін барлық қажетті құжаттаманы дайындау жұмыстарын аяқтап, Шымкент пен Қарағандыда осындай орталықтардың құрылысын бастау қажет» деп тапсырды Олжас Бектенов.

Премьер-министр әйелдерді жүктілікке дайындауға, ауруларды уақытылы диагностикалау мен сауықтыруға бағытталған «Аналар саулығы» бағдарламасын жүзеге асырудың маңызын атап өтті.

Өңір әкімдіктеріне инфрақұрылымды жақсарту, босандыру және бала күтімі ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту міндеті қойылды. Барлық өңірде ауылдық жерлерге жұмыс істеуге келген жас дәрігерлерге көтерме қаражаттың бөлінуін қамтамасыз ету тапсырылды.

Денсаулық сақтау министрлігіне, ұлттық ғылыми орталықтарға диагностика мен емдеу сапасын жақсарту үшін өңірлік медицина ұйымдарына жаңа технологиялар трансфертін тұрақты негізде қамтамасыз ету жүктелді.

СУИЦИДКЕ БЕЙІМ ЖАСТАР ӘСКЕРГЕ АЛЫНБАЙДЫ

Қазақстан Қарулы күштерінде PSY-тәуекел жүйесі енгізіліп жатыр. Енді психоэмоционалды ауытқуы бар жастар әскерге алынбайды деп хабарлады Қорғаныс министрлігі.

Енді әскерге шақырылушыларды іріктеудің жаңа әдістемесі – PSY-суицидтік мінезқұлыққа бейімділікті ерте анықтауға бағытталған тәуекелді ауқымды енгізу басталады. Инновация жеке құрамның психологиялық тұрақтылығын арттыруға және әскердегі қайғылы оқиғалардың алдын алуға арналған. Жаңа жоба 2025 жылғы көктемгі шақыру кезінде сәтті сынақтан өтті. Соның нәтижесінде суицидке бейім белгісі бар 470-тен астам жас анықталып, олардың бәрі қызметтен босатылды немесе қосымша тексеруге жіберілді. Сөйтіп, еліміздің барлық өңірінде PSY-тәуекелді кезең-кезеңімен енгізу туралы шешім қабылданды.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Қазақстандағы алғашқы АЭС құрылысы 8 тамызда басталады.

Іс-шара Алматы облысы Жамбыл ауданына қарасты Үлкен ауылының маңында өтеді. Жобаны Ресейдің «Росатом» мемлекет корпорациясы салады. Топырақ сынамасын алу үшін бұрғылау жұмысы басталып, кейін топырақ салынған капсула Ресейге зерттеу үшін тапсырылады. Еске салайық, ақпан айында аталмыш елді мекен АЭС құрылысының орны ретінде ресми түрде бекітілген еді.



АҚШ Көлік министрі, NASA-ның уақытша басшысы Шон Даффи Айда қуаты 100 киловатт болатын ядролық реактор салу туралы бастама жариялямақ.

Бұл – астронавтарды Ай бетіне қайта қондыруға бағытталған маңызды қадам. NASA 6 ай ішінде кемінде 2 компаниямен келісімшарт жасауды жоспарлап отыр. Агенттік жаңа станцияны 2030 жылға дейін орбитаға шығаруға ниетті. Axiom Space, Vast және Blue Origin өз жобаларын ұсынған.



2024 жылы әлемдегі ми имплантары, яғни нейроинтерфейстер нарығы 3,5 млрд долларға жетті. Алдағы 8 жылда көрсеткіш 8,2 млрд долларға дейін өседі.

Бұл технологияда бас сүйек ашылмайды, мойын тамырына чип енгізіледі, ол ми сигналдарын iPhone, iPad және Vision Pro құрылғыларына жібереді. Қазіргі сынақтар жұлыны зақымданған науқастар арасында өтіп жатыр, ал кең қолданысқа енгізу 2030 жылға жоспарланған.

№92 (4836) 07/08/2025 Бейсенбі

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАҒАН

Елордадағы №97 мектеп-лицейде «Әділет мектебі» жобасы аясында «Абай даналығы – құқықтық мәдениеттің іргетасы» атты пікірлесу диалог алаңы ұйымдастырылды. Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен өткен іс-шара ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналды.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Диалог алаңына модератор болған «Басқару» қоғамдық қорының жетекшісі Марғұлан Ермағамбетұлының айтуынша, ұлы Абайдың шығармашылығы «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы мен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен қабысып жатыр. Сол себептен жиында хакім шығармаларындағы құқықтық жауапкершілік пен тәртіп түсінігі, қара сөздердегі құқықтық сана мен әділдік қағидалары талқыланды.

Ал №97 мектеп-лицей директоры Зәмзәгүл Қиянованың пікірінше, Абайдың қай шығармасы да тәртіп пен құқықтық сауаттылыққа негізделген. Жиынның мақсаты да осы жайлы ұстаздарды ақпараттандыру, ал мұғалімдер мұны әрі қарай оқушыларға жеткізу керек.

«Абай атамыздың айтқаны ешқашан ескірмейді. Білім, ғылым саласында кейде шетелдік ғалымдарға сілтеме жасалып жатады. Ал ұлы ақын сияқты «бес асыл іс пен бес дұшпанды» кім айтты? Дүние жүзінде осы туралы айтқан ғалымдар бар ма? Жоқтың қасы, жоқ деп айтуға да болады. Абайдың осы айтқанымен мемлекетіміз жүрсе, сөзсіз дамиды» деген Астана қаласы Адвокаттар алқасының мүшесі, заң кеңесінің меңгерушісі Айдархан Тұрғанұлы Абай мен Шәкәрім шығармашылығындағы сабақтастық жайында әңгіме өрбітті. Оны «Басқару» қоғамдық қорының жетекшісі Марғұлан Ермағамбетұлы қостап, Абай айтқан «Бес асыл іс – талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» айналасында ой толғады.

Саясаттану бойынша PhD кандидаты, тарихшы, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебінің оқытушысы Жандос Кәрінбаев «Қазақ-поляк байланыстарының тарихы танымал тұлғалардың мысалында» атты кітап жазғанын айта келе, бұл еңбектің екі тарауы Құнанбай әулетінің тарихына арналғанын атап өтті. Оның алғашқысы «Адольф Янушкевичтің арманы», екіншісі «Хатталған құқық» деп аталады.

«Абайдың Северин Гросс деген поляк досы болды. Бұл кісі кәсіби заңгер еді. Патша өкіметі оны қазақтың дәстүрлі құқығын жазуға жұмылдырады. Семейге жер аударылғанда, Орыс географиялық қоғамының мүшесі Абаймен танысады. Абай Северинге қазақтың дәстүрлі құқығын жинауға бір жаз бойы көмектеседі. Тиісті еңбек 1886 жылы «Материалы для изучения юридического права киргизов» деген атаумен Омбыдан орыс тілінде шықты. Абайдың өзі де 1886 жылы 94 баптан тұратын «Қарамола ережесі» деген заңды жазды. Абай даналығының өзегі тек қана Шығыс өркениетінен тамыр тартып тұрған жоқ. Ол әлемдік өркениет тарихы, Еуропа өркениетінің тарихын оқыды. Ата-бабаларымыздан келе жатқан қазақтың дәстүрін, қазақтың құқығын білді. Оның ұлттық іргетасы мығым болып, шығыстық және батыстық ілімімен қаруланды. Сондықтан Абайды кемел адам деп айта аламыз» деп түйіндеді сөзін Жандос Кәрінбаев.

БАЙҚАУДА БАҚ СЫНАДЫ

Астанада «Заң және тәртіп» қағидаты мен «Жас үміт» қанатқақты жобасы аясында Қасым Қайсенов атындағы №27 мектеп-лицей базасында «Мен елімнің патриотымын» атты зияткерлік байқау өтті.



Іс-шараны Астана қаласының прокуратурасы қала әкімдігі және қалалық Полиция департаментімен бірлесіп ұйымдастырды. Оған елордаңың барлық ауданынан 8-11-сынып оқушылары, прокуратура қызметкерлері, құқық қорғау органдарының өкілдері және ата-аналар қатысты. Байқау барысында оқушылар түрлі тақырыпта тапсырмалар орындады. Әр команда құрамында балалармен бірге прокуратура және полиция қызметкерлері де болды.

– Биыл Астана қалалық прокуратурасының бастамасымен «Жас үміт» қанатқақты жобасы іске қосылды. Соның аясында біз мектеп оқушыларына арналған зияткерлік байқау өткіздік. Бұл балаларға қоғамда өз құндылығын сезінуге және құқық қорғау органдарының әрдайым көмек көрсетуге дайын екеніне көз жеткізуге мүмкіндік берді. Барлық жеңімпаз бен белсенді қатысушыға грамоталар мен естелік сыйлықтар табысталды. Бастаманы әрі қарай да жалғастыруды жоспарлап отырмыз, – деп атап өтті Сотқа дейінгі тергеп-тексеру және қылмыстық қудалау заңдылығының сақталуын қадағалау басқармасының прокуроры Нұрислам Балтабеков.

Ресейдің Камчатка түбегі жойқын зілзаладан кейін 2 метрге ойысты.

Бұл туралы Ресей Ғылым академиясының геофизика қызметі мәлімдеді. Ғалымдардың дерегіне сүйенсек, жердің айтарлықтай сейсмикалық ойысуы 30 шілдеде байқалған. Түбекте ұзақ уақыт ұйқыда жатқан жанартаулар оянып, Ключевская Сопка және Крашенинников жанартаулары атқылады. Зерттеушілер шілде соңындағы жерасты дүмпуін кейінгі 70 жылдағы ең қуатты жер сілкінісі деп бағалады.



Өзбекстан Жазушылар одағы ұлы Абайдың 180 жылдығын кең көлемде атап өтуді жоспарлап отыр.

Жуырда көршілес елдің қаламгерлері қазақ әдебиетінің таңдаулы шығармаларын қамтитын 10 томдық жинақты басып шығарды. Ал Өзбекстан үкіметі мерейтойға 152 млн сум қаржы бөлген. Бұл қаражат мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға, қала мен аудан, ауылдарда өтетін жыр мүшәйраларының жүлдегерлеріне бағалы сыйлық алуға жұмсалмақ.

ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

УИТКОФФ МӘСКЕУГЕ БАРДЫ

АҚШ президентінің арнайы өкілі Стив Уиткофф Мәскеуге барды. Көрші елдің астанасына кезекті келіссөздер үшін келген оны Внуково әуежайында Ресей президентінің шет елдермен экономикалық ынтымақтастық жөніндегі өкілі Кирилл Дмитриев қарсы алды.



Бұл – биыл С.Уиткоффтың Ресейге бесінші сапары. Бұған дейін ол 11 және 25 сәуірде Путинмен кездескен. Трамп бұл сапар жайлы алдын ала мәлімдеген болатын. 28 шілдеде Трамп Путиннен «көңілі қалғанын» мәлімдеген. Соған байланысты ультиматум мерзімін бұған дейінгі 50 күннен бірден 10 күнге қысқартатынын айтқан. 8 тамызға дейін бар болғаны 1 күн қалды. Осы уақыт аралығында Украинадағы соғыстың аяқтала салуы екітайлай. Дегенмен Ресей алдағы уақытта Украинаға дрон мен зымыран соққыларын уақытша тоқтатуы мүмкін. Кремль бұл қадамға Трампқа ишара ретінде барып, АҚШ санкцияларын болдырмауды көздейді.

ТӘУЛІГІНЕ 28 БАЛА ҚАЙТЫС БОЛАДЫ


Газа секторында қақтығыс басталғалы күн сайын орта есеппен 28 бала қайтыс болады. Бұл – ЮНИСЕФ-тің мәлімдемесі.



Ұйым өкілдерінің дерегіне сүйенсек, гуманитарлық жүк жеткізу мәселесі күннен-күнге ушығып барады. Азық-түлік тұрақты жеткізілмегендіктен, 320 мыңнан астам бала тойып тамақ ішпейді. Соның салдарынан көбінің денсаулығы сыр беріп, психикалық күйзеліске түскен. Осыдан 2 жыл бұрын ХАМАС пен Израиль арасында текетірес күшейгелі бері Газа секторында 61 мыңға жуық палестиналық көз жұмды. Оның 18 мыңға жуығы кәмелетке толмаған.

ГАГАУЗИЯ БАСШЫСЫ СОТТАЛДЫ

Молдова соты Евгения Гуцулды сайлау кезінде заң бұзушылыққа жол берді деп танып, 7 жылға бас бостандығынан айырды. Онымен бірге «Шор» партиясының бұрынғы хатшысы Светлана Пропан да 6 жылға сотталды.



Тергеу нұсқасы бойынша Евгения Гуцул 2019-2022 жылдар аралығында «Шор» партиясының хатшысы ретінде Ресейден Молдоваға заңсыз түрде қаражат жеткізіп отырған. Сондай-ақ ол партия кеңселерінің қызметін үйлестіріп, ұйымдасқан қылмыстық топтан шамамен 2,4 млн доллар көлемінде қаржы алған деп айыпталды. Сот отырысындағы соңғы сөзінде Гуцул өзіне тағылған айыптарды жоққа шығарды.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Құрметті елорда тұрғындары! Астана қаласының мәслихаты 2025 жылдың тамыз айының үшінші онкүндігінде «Жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру жөніндегі жұмысының жай-күйі, проблемалары, себептері мен шешу жолдары туралы. Елорданың азық-түлік белдеуін дамыту» тақырыбында көпшілік алдында тыңдаулар өтетіні туралы хабарлайды.


Тыңдаулардың қарауына енгізілетін мәселе бойынша сіздің ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды Астана қаласы мәслихатының аппаратына: 55-66-37, 55-66-31 телефондары және электрондық пошта astana@maslihat01.kz арқылы хабарлауды сұраймыз.

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

№92 (4836) 07/08/2025 Бейсенбі

ШАМШЫРАҚТАЙ ЖОЛ КӨРСЕТКЕН

Ұлы Абайдың туғанына 180 жыл толуына орай «Жарым адамнан – толық адамға» кітабының авторы, абайтанушы Сұлтан ЫБЫРАЙМЕН сұхбаттастық.



– Абай күні қалай аталып өту керек? Дұрыс тойлап жүрміз бе?

– «Абай күні» дегенде елімізде Абайды жылына бір еске алып, желідегі жұрт өлеңдерін оқып, челлендж жасап, әнін айтып, бұқаралық ақпарат құралдары ресми, формалды түрде еске алып, осындай бір сұхбат жариялап не бір хабар жасап қоя салумен шектеледі. Жалпы тойдың мақсаты қандай? Абайдың өзі «Сыр мен сымбат екі түрлі» дегеніндей, жылына бір атап өтумен, той тойлаумен Абай насихаттала ма? Яғни тойлау, тігілген үй, аламан бәйге – тек сыртқы көрініс, сымбат қана. «Сыртқа қасиет бітпейді» дейді тағы өзі. Сол тойларда, әдеттегідей, киіз үй тігіліп, ат шаптырып, айтыс ұйымдастырылып, ас ішіп, қазан-аяқ босайды. Онымен жас ұрпақтың санасына Абайды сіңдіре аламыз ба? Аталмыш тойларда бар болғаны «Сегіз аяқтағыдай» афоризм деңгейінде кездесетін: «Адал бол – бай тап, Адам бол – мал тап», «Біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі бос» деген сыңайдағы жаттанды болған, той-жиында жиі айтылатын, нақылға айналған ақынның сөздері жүреді. Содан жастар тарапынан: «Осы неге Абайды қайталап айта бересіңдер?» деген заңды сұрақ туады. Абайды өскелең ұрпақ түсінетіндей деңгейде, шын асылын көрсете алатындай насихаттай алдық па, анимация, мультфильм, қысқаша TikTok, YouTube сияқты желілерде бейнероликтер бар ма? Тағы «қазақты әлемге Абай арқылы танытамыз» деп жар саламыз. Басқа тілдер тұрмақ, орысшаға дұрыс аудара алдық па? Ал басқа тілдерге орыс тілі арқылы аударылып жатқанын ескердік пе, түпнұсқаға жақындығын тексердік пе? Қазақша басылымдардағы түпнұсқа деп есептелетін өлең, қара сөздерінде қателерді қашан түзетеміз? Сол тойға «төгілетін» халықтың қаржысын осы кемшіліктердің орнын толтыруға неге жұмсамасқа?

Дара тұлғаның өзі осы тойларға қалай қарар еді? Өз әкесі Құнанбай жайында: «Ол сыпатты қазақтан дүниеге ешкім келмепті» дейді. Яғни өз әкесін бар қазақтан биік қойып отыр. Сөйте тұра, сол әкесінің жылдық асын бергізбейді. Абай: «Асқа мал бөлейік, бірақ ол малды сойып жұртқа жегізбейік, орыс школасында оқып жүрген қазақ балаларына жәрдемге берейік» дейді және солай жасаған. Яғни той тойлансын, бірақ форматы, мағынасы бөлек болып, өскелең ұрпақтың рухани пайдасына асатын ғибратты істермен есте қалса, сауабы мол болар еді.

Абай жылына бір рет қана еске алатын күнтізбедегі «кезекті» қызыл күн емес, адам болуды ойлаған әрбір азаматтың әр күніне, әр қадамына жарық түсіріп тұрған шамшыраққа

> Қара сөздерде Абайдың ащы сұрақтарды көптеп қоюы оның сыни ойлау тәсілін жете меңгергенін байқатады. Сыни ойлау – адам өз ақыл-ойымен сырттан келіп түскен ақпаратқа күмәнмен қарай алу қабілеті

айналса керек-ті.

– Абай өз еңбектері арқылы халыққа нені жеткізгісі келді?

– Абай – сегіз қырлы, бір сырлы адам. Жалпақ жұрт оның ақындығын, композиторлығын, әрі кетсе болыс болғанын ғана біледі. Ақын – тек қана қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы ғана емес, мықты аудармашы. Сол жазушылығымен қоса жанынан ән шығарып, күй де қалған артында. Қарамола съезінде заң – «Ереже» жазып, онда әйел теңдігі мәселесін көтерген. Тұтас бір ақындық орта қалыптастырған ұстаз, болыс ретінде ұйымдастырушы, қазақ жәдидшілдігінің негізін қалаушы, ойшыл-философ, психолог – қазақ жантану ғылымының басында тұрған ғалым. Әрине, ғалым деген ресми атағы жоқ болса да, ғалым екенін дәлелдейтін фактілер бар, олар бұл сұхбаттың шеңберіне сыймайды.

Абайдың ең басты еңбегі және оны өз шығармашылығымен халыққа жеткізе білгені, «ебін тауып, халқын жөнге салғаны» ұлттың санасын оятып, сапасын өзгерткенінде жатыр. Сананың оянуы, сапаның өзгеруі – адамның дұрыс тәрбие көріп, мінез қалыптастыруымен келетінін түсіндіре білді ақын.

«Алтын орда» ұлыс-империясының ыдырауы, одан бөлініп шыққан ордалардың өзара бәсекесінің, ел бірлігі осалдығының салдары сол Жошы ұлысының үлкен бір сынығы Қазақ хандығының Ресей империясына бодан болуына, өзінің саяси тәуелсіздігінен айырылуына әкелді. Халық жады Қазақ хандығы кезеңіндегі тәуелсіз заманды аңсаумен келді. Мұхтар Әуезов ол уақытқа «Зар заман» деп ат қойды. «Зар заман» ақын-батырлары зар илеп жырлағанмен, халыққа сол бодандық қамытынан құтылатын жол көрсете алмады. Ол Асан қайғы, Бұқардан басталып, Абайға келіп тіреледі. Хакім «Қиналып тапқан ақылды, толғатып сөзге аудардым. Енді бұл сөзді іс қылмақ, оқушы жұртым, қазақ өз мойнында!» деп Әлихан Бөкейхан айтқандай, «Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек» (25-қара сөз) деп жол көрсетіп, оқу-білім, өнер үйрену арқылы басқалармен терезесі тең ел болуға, тәуелсіздікке шақырды.

Абайдың жол көрсетуі, өнегесі ұлттың санасын, сапасын өзгертіп, Алаш зиялыларының қалыптасуына тікелей әсер етті. Өнер-ғылым үйренген, білімді Алаш арыстары үкімет құрып, жаңа заманға сай тәуелсіз мемлекет орнатуға ұмтылып, елдің шекарасын заңдастырып, бекемдеді. Сол атқарылған өлшеусіз жұмыс, өз бастарын құрбандыққа шалған есепсіз ерлік бүгінгі Қазақстанның сол шекара аумағында де-юре тәуелсіздігіне жол ашты.

– Сіз Абайдың қай қырын зерттеп жүрсіз? Сол жайында толығырақ айтып берсеңіз.

Иә, «Абай – мұхит» деп Мұхтар Әуезовтің өзі мойындаған, сол хакімнің бір қырын зерделей алсаң, оның өзі бір адамға өмір бойы рухани азық. «Жарым адамнан – толық адамға» деген кітаптың авторымын. Кітап Абайдың 38-қара сөзі – «Ғақлиат тасдиқатқа» жазылған комментарий.

Ұлы философтың 38-қара сөзін «Ғақлиат тасдиқатты» (ҒТ) түсінуге деген ынта-талпыныс бұрыннан бар еді. Бірінші мақсат араб-парсыдан ажыратып, толық бүгінгі қазақ тіліне келтіру болатын. Ол үшін сол 203 араб-парсы сөзінің мағынасын қайта қарап шығып, түпнұсқа сөздерін қоса беріп тәржімалауға тура келді. Мүрсейіттің көшірмесімен 1995 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан екі томдықтағы 38-қара сөзді салыстыра отырып, өзіміздің түсінігімізді жазып шығу керек деген ой келді. Ішінде «ҒТ-ның» жаңаша жасалған авторлық орысша, ағылшынша аудармалары мен «ҒТ – адам және қоғамның кемелдікке жетуінің әмбебап заңы», «Махаббат пен ғадауат майданы», «Шортанбай, Дулат пен Бұқар жырау», «Абайдың орысшылдығы жайында», «Абай мен миссионер Сергий», «Сегіз аяқ: Пайдасыз ақыл – байлаусыз тақыл», «Қырық бесінші қара сөз: махаббат пен ғадаләт» атты мақалар мен «Алтын хакімнен коучинг» деген бөлім бар.

Жалпылама айтқанда, «Абайдың «толық адамы» кім?» деген сұраққа жауап іздедім. Бір қызығы, Абайда «толық адамның» екі анықтамасы бар. Оны хакім ойының дамуы деп түсінемін. «Толық» деген анықтама мінезге байланысты айтылған. «ҒТ» – күрделі шығарма. Жазылу тәсілі, қолданылған терминдер, түсініктер дайындықсыз оқуға қиындық келтіреді. Бұл шығармада философиялық логика тәсілдері, психология, тәрбие негіздері мен дін де қамтылған.

Қара сөздерде Абайдың ащы сұрақтарды көптеп қоюы оның сыни ойлау тәсілін жете меңгергенін байқатады. Сыни ойлау – адам өз ақыл-ойымен сырттан келіп түскен ақпаратқа күмәнмен қарай алу қабілеті.

Сыни ойлау үлкен мағынасында – проблемалардың ішкі логикасына үңіле алатын, өзімшілдіксіз, әлеуметтік жіктеусіз шынайы зерттей алатын тұлғаның ой-пікірі, яғни тұлға өзін абстракциялы түрде қоғамнан ажыратып, сол қоғамдағы проблемаларға жоғарыдан, сырт көз болып қарай алу деңгейіне жетуі. Сыни ойлау ақиқатқа жету жолындағы кездесетін кедергілерден шынайылықпен өтуге көмектеседі.

Кемеңгер ақын сол ащы сұрақтарды қоя отырып, берісі қазақ, әрісі бүкіл адамзат қоғамындағы проблемаларды анықтап, оның себеп-салдарын, ақиқаттың не екенін, қайдан іздеу керек екенін осы «Ғақлиат тасдиқатта» анықтап берді, қоғамдағы қиындықтар адамның мінезінен (жарым адам – жартыкеш мінез) туындайтынына көз жеткізді, сондықтан өзі бұл шығарманы «Мінез жайындағы жәдігер» деп атады.

Сұхбаттасқан
Сәбина КӘКІМЖАН



ҰЛЫНЫҢ ІЗІНЕ ҮҢІЛІП...

Ұлы Абайдың 180 жылдығына орай ақынның туған еліне саяхат жасаған «Elorda Aqparat» медиахолдингі ұжымы үшін бұл сапардың тағылымдық мәні зор болды. «Абай жүрген жолдармен» танымдық-тарихи экспедициясы аясында ұйымдастырылған іс-шара кезінде ақын өмірі мен шығармашылығына қатысты тың және қызықты деректерге қанығып, хакімнің мерейтойы қарсаңында жергілікті билік тарапынан жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарға куә болдық.

Райхан РАХМЕТОВА

Газетіміздің өткен нөмірінде жазғандай, бұл саяхатымыздың бағдары Күшікбай бұлағы – Бөрілідегі Әуезов музей-үйі – Абай туған Сырт Қасқабұлақ – Еңлік-Кебек ескерткіші – Ақшоқыдағы Құнанбай қорымы – Жидебайдағы Абайдың музей-үйі – «Абай-Шәкәрім» кесенесі – Семейдегі Абай музейі тарихи нысандарынан тұрды. Соларды көрсету және тарихын баяндау барысында абайлық ағайынның аузынан еш жерде естімеген оқиғалар мен мәліметтерді естіп таңғалған сәтіміз көп болды.

– Мұхтар Әуезов: «Абай жайлы сөз қозғамас бұрын, ең әуелі оның шыққан тегін білу керек» дейді. Абайдың тегі – орта жүз, арғын елі. Абайдың арғы аталарының бірі Айдос шөккен түйеге міне алмайтын момын адам болған. Айдостың Айпара есімді найман әйелі бір ауылды уысында ұстаған екен. Сол екеуінен Торғай, Тобай, Ырғызбай, Көтібақ деген төрт бала дүниеге келеді. Төрт баланы сынаған Айпара анамыз қойды мүшелеп олардың алдына қойған кезде, соны әр бала әртүрлі алады. Басы мен тоқпан жілігін Ырғызбай, қалғандары кәрі жілік пен асықты жіліктерді бөліп алады. Сонда Айпара анамыз: «Шынжыр балақ, шұбар төс Ырғызбайым» деп, төртеуінің ішінде соның болашағына үлкен сенім артады. Осылардың ішіндегі мықтысы Ырғызбай – Абайдың арғы атасы, ол елге танымал палуан болған. Ер Жәнібек оның батырлығына тамсанып, қарындасы Ермекті қалыңсыз береді. Сол Ермектен төрт бала: Өсер, Жортар, Өскенбай, Мырзатай дүниеге келеді. Нағашысы Ер Жәнібек жиендерін жинап алып сынағанда, Өскенбай көп қозғала бермейтін, көп жыламайтын, сабырлы, салмақты бала болыпты. Сонда батыр: «Өзгесін қайтемін, анау тұрған Өскенбайға тиіспеңдер, ол – бір орнында отырып-ақ бар елді алдыма жинаймын деп отырған бала» депті. Міне, кешегі қазақ кісі таныған. Сол нағашысының болжамы дәл келіп, Өскенбай тура, әділ би болады, оның әділдігі сондай, ел арасында «Ісің адал болса, Өскенбайға бар» деген сөз тарайды. Өскенбайдың бәйбішесі – Зере әжеміздің Құнанбай дүниеге келеді. Найманның қызы Зере әжеміздің шын есімі – Тоқбала. Өте сәнқой адам болған деседі. Келін болып түскен кезінде мұрнында сырға болған екен. Сол мұрынға таққан сырғаны қазақ «зере» деп атайтын болған, – деп сөзін бастаған еді Абай облыстық Ішкі саясат басқармасының бас маманы, экскурсовод-гид Азамат Қажыбаев.

Зереден Құттымұхаммед, Тайбала және Құнанбай дүниеге келеді. Үлкен ағасы ерте шетінеп кетеді, Тайбала қыз болғандықтан еліне қонақ, сондықтан «Әкеден жалғыз болып қалдым» дейтін Құнанбайдың сөзі содан қалған. Міне, осындай басқа да деректерді Бөрілідегі М.Әуезов музей-үйінің директоры Шахжан Бекенұлынан естіп, Абайдың арғы аталары, тегі жайлы көптеген қызықты мағлұматқа қанықтық. Абайдың Жидебайдағы үйінде гид болған Гүлсара Құсайынова да бізге ақын өмірінің соңғы жылдарын өткізген осы үйдегі құнды жәдігерлер туралы баяндағанда, Абай қазір бөлмесінен шыға келетіндей әсерде қалдық. Бұл музейдегі ерекше заттар қатарында Абайдың протез тісін айтуға болады. Екіншісі – жолға шығу үшін арнайы жасатқан пәуеске арбасы. Сосын өзі ойнаған тоғызқұмалақ тақтасы, Абай бұл ойынды өте шебер ойнаған. Көненің көзіндей ішекті домбырасы да осы музей-үйінде сақтаулы тұр.

Бүгінде Абай облысы әкімдігі осы тарихи ескерткіш, жәдігерлерге қатысты туындаған мәселелер болса шешіп, оларды жөндеп, күтіп ұстауға ерекше мән беріп отыр. Бұл жұмыстар әсіресе биылғы мерейтой қарсаңында қарқын ала түсті. Абай мерейтойының 10 күндігі аясында еліміздің түкпір-түкпірінен келетін қонақтар үшін түрлі мәдени-танымдық іс-шара өткізумен қатар, Жидебай басындағы Абай кесенесі мен музейіне барып, ақын рухына тағзым ретінде дұға оқылмақ.



Пәтеріміздің санитарлық торабынан проблема шықса, дереу сантехникті шақырамыз. Оларды сол үйдің пәтер иелері кооперативіне қарасты мамандар арасынан немесе хабарландыру арқылы ақылы түрде шақыртуға болады. Сонда байқайтынымыз – бұл күнделікті тұрмыста аса қажет мамандықты қаракөздеріміз емес, өзге ұлт өкілдерінің жиі меңгеруі. Заң, қаржы саласы сияқты атағы дардай мамандықтардан білім алып, бірақ қызмет таппай, жұмыссыздық деңгейін арттырып жүрген қазақ жастары бұл істен жиіркенеді, қор көреді.



ҚАЗАҚҚА САНТЕХНИК ЖАТ ПА?

Райхан РАХМЕТОВА

Қазақ өзі тойшыл халық болғандықтан, баласын кішкентайынан әнші, биші, күйші болсын деп тілейді. Болмаса баласына «Өскенде менің балам бастық болады» деп құлағына құяды. Бірақ ол балаға дұрыс білім мен тәрбие, бағыт бермесе, бойында басқарушылық қабілеті болмаса, бірден қайдан бастық болсын?! Ешбір ата-ана баласына: «Бастысы үнемі сұраныс бар, себебі тұрғын үй салына береді, ал оның құбыры ескіреді, сынады, жарылады, сондықтан мұны білсең – жерде қалмайсың» деп айтпайды. Себебі ол – кір, лас жұмыс, елге мақтанатын кәсіп емес. Сол мақтан қуу жолында ақыры баласы еш жерге жарамай, күзетші немесе құрылысшы болып шығады.

Ғаламторға көз жүгіртсек, Қазақстанда слесарь-сантехниктің орташа жалақысы – 222 мың мен 408 мың теңгенің арасында. Бұл кәсіптік-техникалық білім беретін колледждер мен оқу орталықтарынан оқып алуға болады. Мамандықты оқу бағдарламасына қарай бірнеше айлар мен 2 жылға дейінгі уақыт ішінде меңгеріп шығады.

Хабарландырудан «Сантехник қызметі Астана» деп тердім, суретін қойып, өз қызметін ұсынғандар арасында бұрынғыдан гөрі қазақтар көбейгені байқалды. Бұл, бәлкім, соңғы жылдары Астанада тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізілуімен байланысты болар. Дегенмен сантехник Виталий мен Сашалардың жарнамасы көптеу. Құбыр тазалау, трос кәрізі бойынша қызметін ұсынған бір қазақ сол үшін 1000-1500 теңге сұрайтынын жазса, Иван деген біреу унитаз багындағы арматураны ауыстыруға 10 мың мен 50 мың теңге аралығында ақы алатынын жазған.

12 жылдық тәжірибесі бар елордалық Жанат есімді сантехник соңғы 10 жылда бұл мамандыққа келетін қазақтар қатары көбейгенін, себебі тәжірибесі мол адамға бұл жерде жақсы табыс бар екенін айтады.

– Қазақ атамыз «Есектің артын жусаң да мал тап» дейді. Бұл бізде бір беделді мамандық, бәрі оны мақсат етіп келеді деп айта алмаймын. Көбі амалдың жоғынан келеді, келіп одан әрі жиіркенбесе, тәжірибесі жетіп, ақшасына қызықса қалады. Болмаса бір унитаз тазалағаннан кейін артына қарамай кетеді. Сондықтан мұнда жастар мүлдем келмейді. Әбден жұмыссыздық титықтап, қаржыдан қиналған 30-35 жастағы адамдар келеді. Біздегі жасы ең үлкен сантехниктер – 70 жасқа келіп қалғандар. Табыс әрқалай, тәжірибең мықты болып, сантехника саласының сан қырын меңгерсең, көп аласың. Өзім мекемеден 300 мың теңге жалақы алсам, былай жеке шақыртулар арқылы кем дегенде 300 мыңдай табамын. Ал көп дегенде, яғни бір пәтердің асханасы мен ванна, әжетханасының бүкіл санитарлық торабын орнатып берсең, 2 сағатта 60-120 мың теңге табуға болады, осы және басқа да көлемді жұмыстарды қосқанда айына 1 млн теңгеден астам қаржы табуға болады. Өзім осылай 3 жылда екі балама 2 пәтер алып бердім, енді үшінші балама пәтер алуды жоспарлап отырмын, – дейді ол.

Мекемедегі жұмысы тәулік бойынша, бір тәулікке 15 мың теңгеден шығады. Тәуліктік болғандықтан түннің қақ ортасында шақырса да барып, пәтер иелеріне қызмет көрсетеді. Тұрғын үйлер неғұрлым ескі болған сайын соғұрлым сол үйге қызмет етуден түсетін табыс жоғары болады.

– Үйін су басқан пәтер иелері үшін жұмысын бітіріп, суын тоқтатып, жөндеп бергенге дейін «Жәке» боласың, сосын барлық шаруасы біткен соң қайтадан үстіңнен қарап, менсінбей бастайды. Жұмыстың осындай психологиялық ауыртпалығы бар, көбі соған шыдамайды. Бірақ ондай кәрізден су төгілу сияқты қиын проблемалар кезінде ақысын да көп сұрайсың, сондықтан ештеңеге мән бермеуге тырысасың. Одан бөлек, тәжірибесі аз сантехник оқыстан кәрізге түсіп кетуі мүмкін, бұл денсаулыққа өте зиян, одан адам оңбай қалады. Міне, сондықтан мен өзімді өз ортамда механикпін деп айтамын, ал негізгі қызметімді хабарландыруларға жазамын, – дейді елордалық сантехник.

Әлемде Германия мен АҚШ-та сантехниктер өзге елдерге қарағанда жоғары табыс табады. Мәселен, Германияда сантехниктер айына шамамен 2300 еуро алады. Төтенше, апатты жағдайда оқиға орнына барынша жылдам келген сантехникке ақысы екі есе көп төленеді. Қазір тіпті құрылыс саласы қарыштап дамып, сумен жабдықтау, кәріз, орталықтандырылған жылыту жүйесіне сантехниктер көптеп керек. Жалпы Еуропада бұл мамандық иелері кейде профессорлар мен оқытушылардан да көбірек табады. АҚШ-тағы сантехниктердің айлық ақысы 5600-9000 долларға дейін барады.

Google компаниясының бұрынғы қызметкері әрі жасанды интеллектінің «өкіл әкесі» Джеффри Хинтонның айтуынша, әлемде жасанды интеллектінің кең таралуына байланысты көп мамандық қысқарып, жұмыссыздық көбейгенмен, бұл мәселенің бірнеше мамандыққа қатысы болмайды екен. Ол мамандықтар қатарында осы сантехник пен медицина қызметкерлері бар болып шыққан.

«Әдетте, ЖИ ақыл-ой сананы қажет ететін интеллектуалды еңбекті оңай және тез алмастырады, ал дене қимылына тікелей қатысты мамандықтарды ауыстыра қоюына әлі ертерек. Сондықтан болашақта және қазіргі таңда ең дұрысы – сантехник немесе дәрігер болу» деп атап өтті Хинтон.

Қазіргі таңда Қазақстанда жұмысшы мамандықтарға сұраныс арта түсті. Соның ішінде жүк автокөліктері мен автобустардың жүргізушілері, аспаз және дәнекерлеуші, сантехниктер мен құбыр жүргізуші, техник-электриктер мен штукатура жасаушылар, тракторшылар мен слесарьлер, мото және автокөлік жабдықтарын жөндеушілерге сұраныс көбейді. Шын мәнінде, осы мамандықтар – экономиканың нағыз тірегі. Мұндай мамандықтарсыз күнделікті тұрмысты елестету мүмкін емес. Сондықтан жұмысшы мамандықтарын қолдау – қоғамның гүлденуі мен тұрақтылығының кепілі.

САБЫРСЫЗ ЕЛДІҢ БАЛАСЫ...

КИІМІЛГІШ АЛДЫНДА КҮҢКІЛДЕСЕДІ

Айгүл УАЙС

Былтыр Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында ерекше форматтағы «Ән салайық бәріміз» атты караоке концерті өтті. Әнсүйер қауымның аузында жүрген әндерді танымал әншілермен бірге айтқанның өзі ғанибет! Көрермендер кеш бойы әуенге қосылып, бір кісідей ән салды.

Әсем кештің әсерін қыстың қарлы күнінде жүрегімізді жылытатын жылуға балап, тоқ көңілмен киімілгішке қарай аяңдадық. Алайда шымылдығы жабылып үлгермеген шырайлы кештің әсерін сол сәтте-ақ жоғалтып алдық. Филармонияның кең залының есігі ашылғаннан ентелеген дүрмек бірденеден құр қалғандай гардеробқа қарай тұра ұмтылды. Кимелеп, бірінен-бірі басып озып, әп-сәтте қара құрым қоюлана берді. Тойға киетін құндыз ішігіне елден бұрын қол жеткізуге асыққандардың беті жаман. Бірін-бірі итермелеп, шынтақтарымен түйреп, алақанындағы нөмірлерін бейне бір нан сұрағандай киім тартушыға алқына ұмсынады. Ол да орта жастан асқан жайбасардың нақ өзі екен. Халықтың шыдамы бітті-ау деймін, қолтықтың астынан басын тығып, негізгі кезекті басып-жаншып ішігіне қолы жеткендерді көргенде көбі шыдамады. Елді басуға шақырып, «айтса өзімізге тиеді» деп кісімсіп дауыстап сөйлегендер де жұрттың есін шығарды. Кимелеген жұрттың алдына түскіміз келмей, сәл ысырылып қалдық.

Бұрын-соңды мұндай кезек кеңес заманында болатын, «фин етігі» немесе қазіргі күні ессіз қалған үнді шәйінің кезегіне келгенде кісілер ешкімді танымай кететін. Тістегеннің аузында, ұстағанның қолында дегеннің кері келіп, қалың нөпірден жүрегі қыспай, аяқтың астында тізерлеп болса да кезекке жетіп, дефицит тауарды алып мәз болатын. Бұл көрініс көбіміздің есімізде. Енді соны елорданың мәдениет ошағында қайталап көреміз деп кім ойлаған?! Бас-аяғы 40 минутқа жетпейтін қырғында шыдамсыздары алдымен, сабырлылары соңынан дегендей киімін алып сыртқа беттеді. Көрген концерттің, жүректі толқытқан ән мен көкірек көңілімізге ұялатқан мәдениет пен әннің ізі де жоқ, әншілердің дидары да көзден бұл-бұл ұшты.

Әдемі кештің шырайын бұзған деуге болады, ел тарап кеткен соң қолымыздағы нөмірді өткізіп, сырт киімімізді алып тұрып, барынша сабыр танытып, киім алып берушіден айлықтарыңыз қанша деп сұрадым. Басқа да міндеттері бар шығар немесе 1,5 сағат қызмет үшін бе, анығын білмедім, 100 мыңнан сәл асады екен. «Мына жұмысқа өздеріңіз үлгермей жатсаңыздар, халықтың шыдамына тиіспей, киім алу кезегін қияметке айналдырмай, тым болмаса жұмысқа қолғабыс беретін еріктілерді неге тартпайсыздар?» деп тағы айттық.

Мүмкін сол күні бұл концертке қаланың барлық сабырсызы мен шыдамсызы жиналған болар. Дегенмен адамдардың мәдени орындарда болсын, қоғамдық көліктерде, тіпті дүкендерде де өздерін қалай ұстауды білмейтініне, мәдениетінің төмендігіне намыстанбайтындарды көргенде, әдепсіздікті қалыпты жағдайға айналған екен деп күйініп жүреміз.

> Киімілгіш алдындағы кикілжіңді елордада күз-қыс айларында тек концерт, спектакльден соң ғана емес, аста-төк ас, ғажайып тойдан кейін де кезіктіріп, көңілің қобалжиды. Керемет сарайларда ғаламат іс-шара өткізуді шамамыз жеткенде, киімілгіш мәселесін шеше алмағанымыз қалай деп қынжыласың. Ал тегінде мәдениет киімілгіштен басталмай ма?..

